



ШЕШІМ

11.12.2024

Астана қаласы

РЕШЕНИЕ
244/32-VIII

№

город Астана

Жастарды түрлі орталықтардың, бірлестіктердің, қоғамдастықтар мен қорлардың қызметіне белсенді тарту арқылы жастар саясатын жетілдіру, іске асырылатын жастар бағдарламаларының тиімділігін арттыру туралы

Астана қаласы әкімінің орынбасары Е. Б. Байкеннің «Жастар саясатын жетілдіру, жастарды түрлі орталықтардың, бірлестіктердің, қоғамдастықтар мен қорлардың қызметіне белсенді тарту арқылы іске асырылатын жастар бағдарламаларының тиімділігін арттыру туралы» баяндамасын тыңдап, талқылағаннан кейін Астана қаласының мәслихаты мыналарды атап өтеді.

Елордада 14-34 жас аралығындағы жастар саны – 455 712 адамды құрайды. Жастар мәселелерін нәтижелі шешу мақсатында әкімдік 2024-2026 жылдарға арналған «Elorda Jastary» бағдарламасын әзірледі. Бағдарлама шеңберінде жұмыс мынадай негізгі бағыттар бойынша жүргізіледі: сапалы және қолжетімді білім беру, кәсіптік бағдар беру, жұмысқа орналастыру, жастар кәсіпкерлігі, жас отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету және қолдау, жастардың азаматтық қатысуы және әлеуметтенуі.

Жұмысқа орналастыру саласында «Бастау Бизнес» жобасы іске асырылуда – жас кәсіпкерлерге, жекелеген әлеуметтік санаттарға жататын тұлғаларға өз бизнесін жүргізу үшін бастапқы білім мен дағдыларды алуға мүмкіндік беретін кәсіпкерлік негіздерін оқыту. Қараша айындағы жағдай бойынша 1700 адам оқытылды.

Жыл сайын мектеп, студент және жұмыссыз жастарды маусымдық жұмысқа орналастыруға бағытталған «Jasyl El» жобасы іске асырылуда. «Елорда жастары» жас мамандарға жеңілдікпен кредит беру бағдарламасын іске асыру барысында 2021 жылдан бастап 430 кредит берілді. Спорттық іс-шараларды өткізу арқылы жастарды әлеуметтендіруге бағытталған «Astana Жас жігер» жобасы іске асырылуда.

2023 жылдың тамыз айынан бастап «JolTap» жобасы іске қосылды. Осы жоба аясында қала тұрғындары жұмысшы және цифрлық мамандықтар

бойынша практикалық дағдыларға ие болады. Ағымдағы жылы барлығы 24 мың адам өтініш білдірді, оның ішінде: 7,5 мыңы қысқа мерзімді курстардан өтті, 4,4 мың адам жұмысқа орналастырылды.

Сонымен қатар, жастармен жұмыс істеуде іске асырылып жатқан бағдарламалардың тиімділігін шектейтін бірқатар кемшіліктер бар. Жүйелі тәсілдің, жастардың қолжетімді бағдарламалар мен орталықтар туралы хабардар болуының болмауы. Бағдарламалар көбінесе келісілмеген, бір жүйеге біріктірілмеген. Жастармен жұмыс істейтін түрлі ұйымдар (мектептер, жоғары оқу орындары, қоғамдық бірлестіктер, бизнес, атқарушы органдар) арасындағы өзара іс-қимылдың болмауы.

Елорда құрылғаннан бері маңызды мәселе айқын болды – қалаға шоғырландырылған жұмыс үшін жастар ұйымдарын орналастыруға болатын заманауи инновациялық жастар кешені қажет.

Кешен елордалық жастарды тарту орталығына айналуы мүмкін, сонымен қатар мемлекеттік органдар, орталықтар, қорлар және жастар қауымдастықтары арасындағы үйлестіруді жақсартуға ықпал етуі мүмкін.

Бүгінде елорда БҰҰ жанындағы Орталық Азияның волонтерлік хабы болып табылады. Осыған байланысты Астанада «Орталық Азия еріктілер үйі» құрылысына қажеттілік бар. Бұл штабта барлық қалалық және республикалық еріктілер ұйымдары болуы мүмкін.

Баяндалғанның негізінде Астана қаласында мемлекеттік жастар саясатын іске асыруды жетілдіру мақсатында Астана қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Астана қаласы әкімінің орынбасары Е. Б. Байкеннің «Жастар саясатын жетілдіру, жастарды түрлі орталықтардың, бірлестіктердің, қоғамдастықтар мен қорлардың қызметіне белсенді тарту арқылы іске асырылатын жастар бағдарламаларының тиімділігін арттыру туралы» баяндамасы назарға алынсын.

2. Астана қаласының әкімдігіне (қала әкімінің жетекшілік ететін орынбасары Е.Б. Байкен):

елордада заманауи инновациялық жастар кешенін ашу мүмкіндігін қарастыру;

Орталық Азия еріктілері үшін ғимарат салу қажеттілігін зерделеу;

елордада іске асырылып жатқан жастар бағдарламалары және мемлекеттік қолдау шаралары мәселелері бойынша жастар арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

жастар саясаты идеяларын ілгерілету үшін медиа пікір көшбасшыларын тарту;

жастар арасында нашақорлық пен есірткі қылмысының алдын алу жөніндегі жұмысты күшейту;

жастар саясаты саласындағы жобалардың тиімділігіне талдау жүргізу;

жастар арасында діндарлыққа талдау жүргізу;

жастармен жұмысқа тартылған мекемелер арасындағы үйлестіруді күшейту;

жастар кеңестерін құру арқылы шешім қабылдауға жастардың қатысу деңгейін арттыру;

іс-шаралардың тиімділігін мониторингтеуге және бағалауға жастарды тарту;

жастар саясаты саласындағы жоспарланған іс-шаралар тиімділігінің нақты индикаторлары мен көрсеткіштерін айқындау, бөлінген қаржы қаражатын тиімді пайдалану үшін барлық бағдарламаларға егжей-тегжейлі талдау және түгендеу жүргізу;

қала шетінде тұратын жастар үшін мәдени-тынығу, білім беру және басқа да іс-шараларды ұйымдастыру жөніндегі мәселені пысықтау, олар үшін әлеуметтік ортаға толыққанды тарту үшін қолайлы жағдайлар жасауға ықпал ету;

жауынгерлік іс - қимылдарға қатысушы ардагерлерді шақыра отырып, колледж оқушылары арасында әскери қызметтің беделін арттыру мақсатында әскери-патриоттық тәрбие беру бойынша іс-шараларды өткізу жөніндегі жұмысты жандандыру;

ұйымдастырылмаған жастармен жұмыс істеу бойынша инновациялық тәсілдемені және кешенді іс-шараларды енгізу;

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігіне аула клубтарының құқықтық мәртебесін айқындау және қызметін реттеу жөніндегі хатқа бастама жасау ұсынылсын.

3. Осы шешімнің ұсынымдарын орындау бойынша ақпаратты қалалық мәслихатқа бір ай мерзімде ұсынуды қамтамасыз ету.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау Астана қаласы мәслихатының заңдылық, құқық тәртібі және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Астана қаласы
мәслихатының төрағасы**



Е. Каналимов